



ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 13 (526) 30 қыркүйек 2022 жыл



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ПСИХИАТРАЛАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Таяуда университетімізде «Психикалық денсаулық. Заманымыздың жаңа сын-қатерлері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция бастау алған болатын. Үш күнге жалғасқан халықаралық жиын өз мәресіне жетті.

Аталған шарада, психологияның қазіргі таңдағы маңызды мәселелері, клиникалық психология теориялары, психикалық денсаулық, оны сақтау және қалпына келтіру, емдеуді ұйымдастыру, тәуелділік, психологиялық көмек және басқада мәселелер талқыланып, түрлі секциялық отырыстар мен шеберлік сыныптары өткізілді.

Халықаралық шараға дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері, әлем елдерінің психиатрларынан 300-ге жуық мамандар қатысты.

РЕКТОР ЕСЕП БЕРДІ

Жуырда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова 2021-2022 оқу жылында атқарылған іс-шаралар туралы ұжым және қоғам алдында есеп берді.

(Бұл жайлы мақаланы 4-5 беттерден оқи аласыздар)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент кездесу барысында жұмыс сапарының негізгі мақсаты облыстағы ахуалмен танысу екенін айтып, Түркістанды атажұртымыздың алтын қазығы деп атап өтті.

– Түркістан – бәріміздің мақтанышымыз, екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған бүкіл әлемге танымал қасиетті жер. Осы киелі шаһардың төл тарихымызда айрықша орны бар. Түркістан төріндегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – руханиятымыздың мызғымас діңгегі. Сондықтан Түркістанға, жалпы, осы облысқа ерекше мән беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Үкіметіміздің басты міндеті, – деді Президент.

құрылтайдың келесі отырысын Түркістанда өткізуді ұсындым. Онда ел болашағына қатысты өзекті мәселелерді талқылаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елімізде «Еңбек» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын айтып, оның халық саны көп оңтүстіктің тұрғындарын жұмыс күші аз өңірлерге қоныстандыруға арналған жоба екенін түсіндірді. – Бірқатар азаматымыз солтүстікке көшіп, тіршілігін жасап жүр. Биыл «Серпін» бағдарламасы бойынша жастарға арнап 3700-ге жуық грант бөлінді. Оның 800-ден астамын түркістандықтар иеленді. Ел іргесін бүтіндеп, тұғырын

тұрақтылықтың кепілі. Осы орайда, қазіргі халықаралық ахуал жөнінде айта кеткім келеді. Өздеріңіз білесіздер, әлемдегі жағдай әбден шиеленісіп кетті. Осындай күрделі жағдайда Қазақстан халықаралық ұйымдарда, ең алдымен, Біріккен Ұлттар Ұйымында дауыс беру кезінде бейтарап ұстанымын сақтап отыр. Бұл біздің ұлттық мүддемізге сай келеді. Жеріміздің бүтіндігі және еліміздің амандығы – біз үшін бәрінен маңызды. Сондықтан парасаттылық пен сабырлық танытып, арандатушылардың жетегінде кетпеуіміз керек. Халқымыздың ең басты күші – бірлік, парасаттылық және төзімділік. Осы құндылықтардан айырылып қалсақ, елімізге үлкен қауіп төнеді.



Мемлекет басшысы қазақ жылнамасына алтын әріппен жазылған көптеген тұлғаларымыздың осында жерленгеніне тоқталып, бытыр қалаға Түркі әлемінің рухани астанасы деген мәртебе берілгенін айтты. Президенттің пікірінше, бұл оқиға Түркістанды тұтас түркі жұрты ерекше қадірлейді дегенді білдіреді.

– Біз киелі шаһарды рухани және тарихи елордамыз десек, дұрыс пайым болатынына күмәнім жоқ. Сондықтан Үкімет таяу арада Түркістан қаласына осындай мәртебе беру мәселесіне қатысты лайықты шешім қабылдайды деп ойлаймын. Қастерлі шаһар көне заманнан бері ұлттың ұясы, қазақтың қара шаңырағы болып келеді. Түркістан осы мәртебелі міндетін қазір де абыроймен атқарып отыр. Сол себепті, мен ата жолын ұстанып, Ұлттық

нығайту жолындағы осы маңызды жұмысқа сіздер зор үлес қосып келесіздер. Дегенмен жастардың еңбекке құлшынысын арттыруымыз керек. Біз құрып жатқан жаңа қоғамда еңбек адамы ең бірінші орында тұруы керек деген ұғымды жастарымызға түсіндіру қажет. Себебі отаншылдық дегеніміз, ең алдымен, іскерлік, еңбекқорлық. Құр сөзден ештеңе шықпайды. Азаматтарымыз алдымен отбасына, балаларына қамқор болуы керек. Оларға еңбегімен, алғырлығымен нәпақасын тауып беруі қажет, – деді Қазақстан Президенті. Қасым-Жомарт Тоқаев түркістандықтармен кездесуде халықаралық ахуалға қатысты еліміздің ұстанымы туралы айтты. – Біз мемлекеттігімізді сақтап, есіп-өркендеуіміз үшін ел бірлігі ауадай қажет. Ал бірлік – бейбітшіліктің, тыныштық пен

Мемлекеттердің территориялық тұтастығы міндетті түрде сақталуы керек. Бұл – негізгі қағидат. Мен мұны халықаралық аренада үнемі ашық және анық айтып жүрмін. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымына барып, ең биік мінберден бұл туралы тағы да мәлімдедім. Бұның бәрі бекер емес. Айналамызда ауқымды соғыс болып жатыр. Біз осыны ескере отырып, ең алдымен, еліміздің қауіпсіздігін ойлауымыз керек. Шекарамыз бүтін болса, сырттан шабуыл жасалмаса, төрт құбыламыз түгел болады. Бұл – мемлекетіміз үшін, мен үшін аса маңызды міндет әрі басты мақсат, – деді Мемлекет басшысы.

2022 жылғы 27 қыркүйек
Түркістан қаласы
akorda.kz

ОҚУ ОРДАМЫЗҒА - 30 ЖЫЛ!

АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДА СЫПАЙЫЛЫҚ ПЕН МӘДЕНИЕТТІЛІК ТҰНЫП ТҰРАТЫН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бүгінгі естелігімің кейіпкері Ахмет Ясауи университетінің алғашқы оқу ісі жөніндегі проректоры, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Арслан Оспанұлы Ишанов. Жүрегіңе жақын адамдар туралы өткен шақта естелік жазу өте қиын. Студенттік шақта ұстазым әрі деканым, педагогикалық қызметте басшым әрі ақылшым болған, күнделікті өмірде тілектес жол көрсетушіме айналған Арекең менің жүрегіме жақын жандардың бірі болды.



1991 жылы университеттің ашылуы Кеңес Одағының ыдырап, еліміздің жаңа саяси-экономикалық жүйеге көшуі жағдайына тұспа-тұс келді. Осындай қиын-қыстау кезеңде тақыр жерде университет ашу академик Мұрат Жұрынов пен оның сенімді серіктері А.Ишанов, Б.Байтанаев, Б.Жанабаев, Ә.Есалиев, А.Ризаходжаев, Ж.Истаев, С.Мадуанов, Т.Ағдарбеков және т.б. педагог-ғалымдардың еншісіне тиді. Арслан Оспанұлы ең маңызды бағыт - оқу процесін ұйымдастыру жұмыстарына басшылық жасады. Кабинеттерді жабдықтау, педагог кадрларды жұмысқа шақыру, жаңа жағдайларға бейімделген оқу жоспарларын жасау, сабақ кестелерін түзу, кітапхананы қалыптастыру және тағы басқа шешімін жедел табуға тиісті жұмыстардың басы-қасында Арекең жүрді. Алғашқы кездерде тұрғын үй мәселесі шешілмегендіктен алғашқы студенттермен бірге Қазыбек би көшесіндегі тұрмыстық жағдайы сын көтермейтін жатақханада тұрды.

Магистратураны аяқтап, кафедраға жұмысқа келгенімде Арекең проректорлық жұмысқа қоса экономика факультетінің деканы қызметін де қатар атқарды. Жоғары ұйымдастырушылық қабілеті мен талапшылдығы арқасында факультетті "университеттің флагманы" деген бейресми мәртебеге жеткізді. Жұмысты дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде қай бағытта болмасын экономика факультеті университетте алдыңғы қатарда жүрді. Ұжымдағы моральдық климаттың дұрыс болуына қатты көңіл бөлді. Жұмыс бабымен немесе жеке мәселесімен келген ұжым мүшелеріне қолынан келгенше көмектесетін. Ұжымдағы бейресми шараларға, корпоративтерге ақша жинағанда жетіспейтін қаржыны өзі тауып беруші еді. Тәртіп мәселесіне келгенде өте талапшыл болатын және өзі де сол талаптың үдесінен шыға білетін. Осы үшін жасы қатар

әріптестері Арекеңді "Сталин-декан" деп атайтын. "Сендердің корпустарыңа келгенде шыбынның ызыңы естіледі" деп басқа факультеттердегі әріптестеріміз әсерлеп әзілдейтін.

Қаталдық танытатын жерде құр айқайға салмастан, алдындағы кісіні көзқарасымен біраз жерге апаратын қасиеті болушы еді. Сөйлеушіні асықпай тыңдай білетін, өз ойын бірінші айтуға ұмтылмайтын. Орынбасары болып қасында жүрген жылдары Арекеңнің ақыл-парасатына қанықтым. Қызметте де, өмірде де кәдеге жарар көп нәрсені үйрендім. Нұрлан Нарбеков, Әбдімұқан Төлеп, Бақтияр Байбосынов, Рақымжан Асанғазиевтер болып Арекеңнің қасында әр жылдары декан орынбасары қызметінің мектебінен өттік. Кейде жұмысымыздағы жақсы нәтижелерді байқаған ескі кезтаныстар "Ишанов мектебі" деп мақтап жататыны да соның нәтижесі.

Жұмыста сұсты, қаһарлы көрінгенімен күнделікті өмірде Арслан Оспанұлы қарапайым, кез-келген тақырыпта терең әңгіме жүргізе алатын, жақсы әзіл айтатын көпшіл адам болды. Жамал апамыздың күні-түні жайылатын дастарқанының басында Базарбек Керімбеков, Оразбек Нұсқабаев, Бақытжан Мұхамеджанов ағаларымызбен жиналып әзілдесетін уақыттарын осы күндері сағынышпен еске аламыз. Қиын сәтте қол ұшын созар азаматтығын қалай ұмытарсың?! Үйімнің құрылысын жүргізіп жатқанда араға апта салып, құрылыс басына келіп тұратын. Асықпай аралап, ұсталардан не істеп жатқандарын ыждағаттықпен сұрап, ақыл-кеңестерін береді. Сосын салынып жатқан үйге біраз уақыт үнсіз қарап тұрады, мінезіне қанық мен де қасында үндемей тұра беремін. Бір кезде қаржыдан қысылып жатқан жоқсың ба? деп сұрайды. Қажет десең қалтасынан алдын-ала дайындап шыққан ақшасынан санап беретін. Берген ақшасын қашан өзің қайтарып бергенше сұрамайтын.

Адамдармен қарым-қатынасында сыпайылық пен мәдениеттілік тұнып тұратын Арекеңнің бойында ізгілік қасиеттер көп болатын. Жүріс-тұрысында, сөйлеген сөзінде, іс-әрекеттерінде аристократтық лебі сезілетін. Жан жары Жамал апамыз екеуі көпшілікке үлгі болатын мазмұнды отбасылық



өмір сүрді. Ұл-қыздарына жақсы тәлім-тәрбие мен білім берді. Бақытжан Мұхамеджанов ағамыз Арекең туралы "Қанша құйсаң да толмайтын, қанша толса да төгілмейтін адам" деп естелік жазып еді. Шындығында біздің ұстазымыз осындай теңеуге лайықты тұлға болды.

Алтынбек КЕНЖАЛИЕВ,
Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің
директоры, университет түлегі

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТИМ - МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ!

2021 жылғы жаз айы... Мектеп түлегі атанған мен өмірімнің келесі кезеңін қайда, қалай өткізуді жоспарлап отырған күндер. Ғаламтор желісі мен достасып ең керемет жоғарғы оқу орындарын іздестіре бастадым. Кенеттен ғаламторда Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жайындағы мақалаға көзім түсті. Киелі Түркістанда орналасқан бұл оқу орыны мені өзіне баурап алды. ХҚТУ-нің төрт тілде білім беретіні мен университет студенттерін көптеген мемлекеттерге білім алмасуға бір семестрге оқуға жіберетіндігіне қатты қызықтым. Осылайша қайтсем де Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті атануды мақсат еттім. Адамның емес Алланың дегені болады екен. 2021 жылы әлемді жайлаған коронавирустың салдарынан мен Өзбекстан елінен Қазақстан жеріне бара алмадым. Лаулап жанған арманым бір сәтте күлге айналды. Амал қанша. Өз елімдегі университеттерге оқуға түсуден басқа жол жоқ. Намысым қалайда оқуға түсіп қолыңа диплом алуың керек десе, жүрегім өз арманымнан бас тартпауға үндейтін. Мен намыстан өз армандарымды үстем қойдым. Солайша елдің айтқан сөзімен емес, көңілімнің қалауымен киелі Түркістанға бет алдым. Бұл сәттерді естен шығару мүмкін емес. Арманымның биік



шыңына айналған оқу орынын өз көзіммен көріп, алға қойған мақсатыма жақындай бастағанымды сезіндім. Университет алдында қолына сөмке ұстаған студенттерге қызығып та қызғана қарадым. Ішімнен мен қашан осылай студент

болып жүремін деген сұрақ мені жиі мазалайтын. Арадан уақыт өте университетке құжаттарымды тапсырып, университет студенті атандым. Студент атанған бір жыл ішінде қаншама оқиғаның куәсі болдым. Ал қазір басымнан өткен кейбір жағдайларды күліп есіме аламын.

Құрметті Ахмет Ясауи университетін таңдаған жас талапкер, ардақты досым! Мен қаншама қиыншылықтарға төзе білген екенмін, демек сен де төзе аласың. Көңілің солған гүлдей солмасын. Еңсеңді биік ұста. Өзгелер орындаған амалдар сенің де қолыңнан келеді.

Ең бастысы өмір дейтін ағысқа қарсы тұра білсең болғаны. Өз өміріңді өзің өз қолыңмен өзгерте аласың. Мен саған сенемін...

Асел АБИЛОВА
студент

ҰСТАЗ

Әке-шешесі баласына ең жақсы мұғалімді таңдап, жаңа мектепке орналастырады. Таңертең атасы немересін жетектеп, мектепке ертіп әкеледі. Екеуі мектеп ауласына кіргенде оларды оқушылар қаумалап алады.

- Қандай күлкілі ата, - деп ыржиды бір бала.

- Өзі бір қарыс, сақалы қырық қарыс, - деп екіншісі маңдайын тыржитты.

Балалар атасы мен немересін ортаға алып қиқулап, айқайлап, шуылдап жатты. Қоңырау соғылды да балалар сабаққа асығып, жарысып жүгіріп кетті. Атасы немересін қолынан алды да ауладан көшеге шықты.

- Алақай, мен мектепке бармаймын! - деді еркелеген немересі.
- Барасың. Бірақ мына мектепке емес, - деп атасы қабағын түйді.

Атасы немересін үйге ертіп келеді. Баланы әжесіне табыстайды да өзі жаңа мектеп іздеуге шығады. Өр мектепке барғанда қоңырау соғылып, оқушылардың үзіліске шыққанын күтеді.

Кей мектепте шалдың түрін келемеждеген балалар кездеседі. Бірінде оны мүлде байқамайды. Ақсақал үндемей кетіп қалады. Шаршап-шалдығып келе жатып ауласы тар, өзі кішкентай мектепке тап болады. Қоршауға сүйеніп тұрғанда, қоңырау соғылады. Балалар апыр-топыр аулаға шығып жатты.

- Ата, бір жеріңіз ауырып тұр ма? - дейді бір бала.

- Біздің аулада отыратын сәкі бар, соған тынығып алыңыз, - дейді екіншісі.

- Мұғалімді шақырып келейін бе? - деп үшіншісі де сұрақ қояды.

Сол заматта аулаға жас мұғалім шығады. Ақсақал оған амандасып, көңілі жайланады.

- Немеремді оқытатын жақсы мектеп іздеп едім, ақыры таптым-ау...

- Біздің мектепті ең жақсы дей алмаймыз, сіз қателестіңіз. Бұл мектеп өте кішкентай әрі тар.

Ақсақал мұғалімге қарсы уәж айтпады. Ол мұғаліммен немересін оқытуға келісіп, үйіне қайтады. Кешке таман келіні атасынан сұрайды:

- Әке, неге немереңізге жаман мектепті таңдағансыз? Мұғалімі де тым жас екен. Тәжірибесі аз болар...

- Шәкіртіне қарап ұстазын таны деген, - деп жауап қатады

атасы. - Ұстаз бола білу - ұлы мақсат. Өзі жас болғанмен, бұл ұстаздың жолы үлкен.

Александра Лопатина,
"Притчи для детей и взрослых"
Аударған: Шынар Әбілда

РЕКТОР ЕСЕБІ

РЕКТОРДЫҢ ҰЖЫМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ

Елімізде Жоғары оқу орны ректорлары бір жылда қол жеткізген академиялық көрсеткіштер мен бюджеттің атқарылуы жөнінде халық алдында есеп беруі тиіс. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтың мәлімдеуінше «Жоғары оқу орындары коммерциялық емес акционерлік қоғам форматына көшірілген. Бұл түскен табысты мемлекеттік бюджетке жібермей, университетті дамыту үшін бағыттауға мүмкіндік береді. Осыған орай қыркүйек айының 28-ші жұлдызында университетіміздің мәдениет сарайы үлкен залында кеңейтілген сенат мәжілісі болып өтті. Сенат мәжілісінде оқу ордамыздың ректоры Жанар Амангелдіқызы 2021-2022 оқу жылында атқарылған іс-шаралар бойынша бір жылдық есебін берді. Кездесуге еліміздің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, ардагерлер, Түркістан облыстық Мәжілісінің депутаттары, университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер, БАҚ өкілдері қатысты.



Университет басқаруда жан-жақты, күрделі стратегиялық даму жоспары қажет. Мен университет ұжымымен бекітілген 2021-2026 жылдарына арналған 7 бағыттан тұратын стратегиялық жоспар бойынша есеп беруді жөн көріп отырмын. Жоғары оқу орнының алғашқы миссиясы академиялық мәселелер және оқу-ағарту жұмыстарын жоғары дәрежеге жеткізу. Аккредиттеу мәселелеріне тоқталсам, былтырғы жылы өкілеттік кеңес тарапынан бекітілген Халықаралық академиялық аудит жұмысын атқарды. Аудит сарапшыларының ұсыныстары бойынша қайта түзетулер жүргізілді. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің түлектердің ақпараттарын цифрландыру бойынша 100% ақпарат автоматтандыру жүйесіне енгізілді. Оқу жүйесі 100% қайта дәстүрлі оқу форматына ауысты. Жаңа автоматтандыру платформасына ауыстырылды. АУУ portal жүйесіне студенттерді, пәндерді және оқу контентін жүктеу жұмыстары атқарылды. Автоматтандыру порталы бойынша бір ғана мысал келтіре кетейін. Бұрын қабылдау комиссиясының техникалық хатшысына талапкердің құжаттарын қабылдау үшін 30-40 минут уақыт кетсе, қазір 5-ақ минутта жұмыс аяқталады. Университеттің стратегиясындағы «Адалдық пен әділдік» құндылығын академиялық салада іске асыру мақсатында, дипломдық жұмыстар мен жобаларды, диссертациялар мен жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру жаңа Strike plagiarism платформасында ұйымдастырылды. Жалпы бакалавриат бойынша 52 студенттің жұмыстары плагиатқа байланысты қорғауға жіберілмеді. Жақсы жаңалықтарымыздың бірі 2021-2022 оқу

жылында кітапхана қорын 8201 дана оқу құралдарымен толықтырдық. Оның 5351-і қазақ тілінде, 2443-і орыс тілінде, 407-і шет тілінде. Оқулықтарды сатып алуға және үш электронды жүйеге тіркелуге барлығы 61 663 461 теңге жұмсалған.

Халықаралық қазақ-түрік университетінде лингвистикалық орталықтың болуы заңдылық. Жұмысқа орналасуда шет тілдерін меңгеру өте маңызды. Шет елдік әріптестерімізге қазақ тілін үйрету мақсатында 2021 жылдың 17 қарашасында Лингвистикалық орталығы және Филология факультеті Қазақ филологиясымен бірлесіп «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың әдістемесі мен материалын әзірлеу» жобасы дайындалды. 2021 жылдың 19 қарашасында қазақ, түрік және орыс тілдері бойынша деңгейлік курстар дайындалып, курсқа алдын ала жазылу басталды. Лингвистикалық орталыққа бөлінген 6 аудиторияда таңертеңгі, күндізгі және кешкі уақыттарға сабақ жоспары жасалды. 2022 жылдың 21 қаңтарында әуежайдың 80 қызметкері үшін түрік тілі сабақтары басталды. 2 топқа бөлінген қатысушылардың бір бөлігі әуежайдағы аудиторияда, ал қалған бөлігі орталықтың аудиторияларында сабақтарын жалғастырды. Осы қатысушыларға семестр соңына дейін А2 деңгейінде түрік тілін оқыту жоспарланды. Қазірге дейін осы қатысушылар сабақтарын жасалғастыруда. 2022 жылдың 4 ақпанында алғаш рет курс деңгейін анықтау емтиханы өткізілді. Орталығымызда білім алған 43 қатысушы А1 және В1 деңгейлік емтиханынан сәтті өтіп, сертификат алу құқығына ие болды.

Биылғы жылы 2000-ға жуық студент қабылданды. 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда грант саны 18%-ға артқан. Қуантарлық жағдай мектепті алтын белгімен бітіріп кел-

Тараз, Қостанай қалаларынан келген 500-ден аса мектеп оқушыларына университет туралы ақпараттар беріліп, университет өмірімен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Университетімізді талапкерлерге таныту үшін 5000 дана буклет университет баспаханасынан шығарылды. Университеттің логотиптері бейнеленген қаламсап, жейде, бас киім, блокнот, пакеттер дайындалды.

Түркістан Облысындағы 243 жалпы білім беретін мектептердің оқу және тәрбие ісінің меңгерушілері мен мұғалімдеріне «Ясауи көктемгі мектебі» білім жетілдіру семинары ұйымдастырылды. Ахмет Ясауи университеті жыл сайын желтоқсанда жарияланатын беделді халықаралық үздік университеттер рейтингі — Quacquarelli Symonds (QS) Emerging Europe and Central Asia (EECA) University Rankings рейтингінде бірден 45 позицияға алға жылжып, 2020 жылғы 175-ші орыннан 2021 жылы 130-шы орынға көтерілді. «Webometrics Ranking of World Universities» рейтингінде университет әлемдегі жоғары білім беру ұйымдары арасында 2020 жылы 7755-ші орынға, 2021 жылы 5935-ші орынға ие болды. Қазақстандағы жоғары білім беру ұйымдары арасында 18-ші орыннан 2021 жылы 12-ші орынға жылжыды. 2021 жылы қазан айының 26-шы жұлдызында университетімізде түрік кеңесі түркі әлемі университеттер одағының v Бас Ассамблеясы ұйымдастырылды. Жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Венгрия елдеріндегі 32 университеттің ректорлары, ғалымдары мен студенттері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері, дипломаттар, эксперттер, қоғам және мәдениет қайраткерлері қатысты. Олар: «Түркі Мемлекеттері Ұйымы» Ақсақалдар Кеңесінің Төрағасы Бинали Йылдырым, Түркия Республикасының вице-президенті Фуат Октай, Қазақстан мен Түркия Парламентінің төрағалары,

Қазақстан Республикасының Мұсылмандары Діни басқармасының Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы және ТР Діни Істер басқармасының Төрағасы Али Эрбаш, Түркия Республикасы Анкара қаласының губернаторы Васип Шахин, Түркия Республикасы Конституциялық Сотының төрағасы Зухту Арслан, БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты координаторы Микаэла Фриберг-Стори бастаған Біріккен Ұлттар Ұйымы өкілдері, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілдері Эльвира Әзімова мен Шереф Малкоч, Солтүстік



ген талапкерлердің үлесі артты. Үздік бітірушілердің көрсеткіші 25%. Негізі біздің университеттің контингенті 10 000 студент. Медицина саласының білім алушылары 35%, педагогикалық мамандықтың студенттері 30-35%, қалғандары басқа мамандық иелері.

Жоғары оқу орнында кәсіби бағдар жұмыстарының да орны ерекше. 2022 жылдың сәуір айының 17-29 күндері аралығында Нұр-Сұлтан, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Тараз, Шымкент қалаларына барып, ондағы 100-ден аса мектептердің 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді. Университетімізге арнайы Алматы,



БІР ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Македония Республикасының елшісі Сали Лимани, АҚШ Елшілігінің қоғаммен байланыс жөніндегі көмекшісі Кинниар Чад, Канаданың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Алан Хамсон. Сондай-ақ университетімізге келген қонақтар туралы айтып кеткенді жөн көріп отырмын. Олар денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиниятқызы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Төрағасы Дархан Медеғалиұлы Жазықбаев, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Ерлан Әбіл. «Ғылым қоры» АҚ Басқарма төрағасы Арын Орсариев және қордың

көпірі» жобасы аясында университетіміздің медицина факультетінде сабақтар беріп, семинарлар өткізіп, оталар жасады. Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Мармара, Истиние, Жеррахпаша университеттік клиникаларында және Анкарадағы Гази университетінің клиникасында Түркістан облысының 108 дәрігерлерінің екі апталық біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Студенттеріміздің спорттағы жетістіктерімен мақтана аламыз. Университетіміздің түлектерінің бірі, еліміздің мақтаншы Бекзат Саттархановтың анасы отыр ортамызда. Әлем Чемпионаты бойынша 16 студент, Азия Чемпионаты ойындарында 8-і, Қазақстан Республикасы Чемпионатында 99 спортшымыз, Халықаралық жарыстарда 34 білім алушымыз жеңіспен оралды. Қазақстан студенттер лигасында 30, Республикалық турнирде 30 спортшымыз додада топ жарды. Спорт саласында екінші орынды иелендік. Алдағы уақытта бірінші орынға көтерілу жоспарда бар.

5 мамырда Қауымдастықтың Жалпы жиналысы өтті. Онда Түлектер қауымдастығының төрағасы мен Атқарушы директоры және ТР-дағы түлектердің өкілі сайланып, Кеңес (басқарма) мүшелері бекітілді. Төраға 1995 жылғы түлек, ҚР Адами құқықтар жөніндегі уәкілі - Азимова Эльвира. Атқарушы директоры 1996 жылғы түлек - Асанова Мәриям. Түлектер

күрес залына және Клиника-диагностикалық орталығы ғимаратының алдында орналасқан «Дәрігерлер аллеясына» ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды.

«Ғылыми кітапхана» ғимаратының алдындағы автотұраққа су ағар лоток орнатылды. Кітапхананың 4-ші қабатындағы балкон мен террасалар және екі кабинет күрделі жөндеуден өтті. Тұран жанұялық жатақханасы мен кітапхана, №4 оқу ғимаратының шатырлары толық сапалы материалмен қайта жабылды. №3 оқу ғимаратының 3-ші және 4-ші қабаттарын қоса алып тұрған лекция және мәжіліс залдары мен дәліздерді, фойелер мен баспалдақтарды әрлеу-сырлау, жарамсыз жағдайдағы витраж есіктерін және терезелердің сынған шынылары мен асхана бөлмесіндегі жарамсыз болған қабырға кафельдері ауыстырылды. Сыртқы бастырмадағы тіреуіш бағандарды қалпына келтіру, жертелесіндегі салқын су және өрт сөндіру жүйесі құбырларының жарамсызданған жерлерін ауыстыру жұмыстары жасалды. Әр қабаттардағы әжетханалар, жуынатын және ас дайындайтын бөлмелерге, су және көрізге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№1 ерлер жатақханасы және №2 қыздар жатақханасы толық әрі күрделі жөндеуден өтіп, студенттерге пайдалануға берілді. Университеттің Қазыбек би көшесіндегі №4, №6 оқу ғимараттары мен №6 жатақханаларын табиғи газ отынына қосу жұмыстары жүргізілді. Университеттің қазандықтарына жаңадан келген 4 дана қазандық пештерін атап айтқанда: №3 қазандыққа қарасты ректорат қазандығы, Мағжан қалашығы қазандығы, №1,2 жатақхана қазандығы және №2 қазандыққа қарасты №3 жатақхана қазандықтары ауыстырылды. Университетімізге қарасты Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы бойында орналасқан №8 оқу ғимаратының сыртқы жылу жүйесін жаңадан жер үстімен жүргізу және Қазыбек би көшесі бойында орналасқан №6 оқу ғимаратының сыртқы жылу жүйесіндегі жылу оқшаулау қаптамаларын, №4 оқу ғимараты мен №6 жатақхана ғимаратының ішкі өрт крандарының құбырларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Шымкент қаласында №2 клиникалық ауруханадан студенттерге жалпы ауданы 320 м² көлемді құрайтын оқу кластары мен іс-тәжірибе бөлмелері, 40 жарамсыз насос жөнделді. Кентау кампусы жатақханасының шатыры жаңартылды. Міне, осындай ауқымды ірі істер атқарылды. Бұл біздің ұжымның ұйымшылдығының нәтижесі. Әрине, назар салып, тыңдағандарыңызға рахмет! Сұрақтарыңыз болса немесе ұсыныстарыңызды ортадағы ашық микрофонға білдірсеңіздер, - деп ректор есебін қорытындылады.

Кездесуде алғашқы пікірді ардагеріміз Өзіретбергенов Жарыққасын білдірді. Ол оқу ордамыздың Түркістан қаласы тұрғындарының басына біткен екінші бақ екенін тілге тиек етті. Атқарылған іс-шараларға оң көзбен қарап, ректорға ақ батасын берді. Басқа да ардагер ұстаздарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз алғашында сын көзбен қарағанын жасырмады. Сынан сүрінбей өткен ректордың тектілігіне тоқталып, қанағаттанарлық іс атқарғанына таңдай қағысып тарасть.

Бетті дайындаған: Гүлдана ҚАРАБЕКОВА



басқарушы директоры Марат Пернеқұлов. Бұдан өзге университетімізде тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. «Заманауи травматология және ортопедия көкжиектері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. «Инженерлік-техникалық білім берудегі цифрлық технологиялар» атты ғылыми семинары және «Иудаист-түрік қарайымдар және тілдері» атты телеконференция, Ахмет Ясауи Халықаралық университетінің ТДМ-ны аймақта ілгерілетудегі рөлі» атты дөңгелек үстел өткізілді.

«Еуразия» жазғы мектебі аясында студенттеріміз тың ақпараттармен сусындап, білім көкжиектерін кеңейтті.

ҚР БЖҒМ 2021 жылы бойынша Үздік оқытушы атанғаны 8 оқытушы. Біздің жетістіктеріміз мұнымен бітіп қойған жоқ. «Зияткерлік әлеуметтік жауапкершілік мәдениетімен бөлісу» бағыты бойынша UNAI-ге (United Nations Academic Impact) толық мүше ретінде қабылданды. 1 ғылыми қызметкер ҚР БЖҒМ тарапынан Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін медалімен марапатталды. Профессор-зерттеуші Ахмет Ясауи университетінің профессор-зерттеуші және қауымдастырылған профессор-зерттеуші лауазымдарына жарияланған конкурс негізінде, 11 оқытушы «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері. «Медини мұра» атты халықаралық суретші-педагогтар симпозиумының жеңімпазы 1 оқытушы, ҚР БЖҒМ «Еңбек ардагері» орденімен 1 оқытушы марапатталды. Тағы бір оқытушымыз «Қазақстан Республикасы Еңбек сіңірген өнертапқышы» атанды.

Германияның 3B Scientific (3B Сайтнфик) халықаралық компаниялар тобы өндірген 91 дана препарат Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТІКА) демеушілігімен Медицина факультетінің «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасы анатомиялық жаңа препараттармен толықты. Түркия Республикасынан келген профессорлар «Анадолыдан Атажұртқа денсаулық



қауымдастығының Түркиядағы өкілі 2000 жылғы түлек - Уфук Тузман. Университет сайтына 458 мақала, «Ясауи университеті» газетіне 20 шығарылымы салынды. БАҚ бетінде 700 мақала жарық көрген. Instagram желісінде 183 931 (313,8 %), Facebook желісінде 100 660(1000 %) қаралым жинаған. Instagram 01.09.2021 - 15.09.2022 ж аралығында 390 пост, Facebook желісінде 597 пост салынды.

Университетімізге жасалған инвестицияларды да айтпасқа болмайды. Бұған дейін қордаланып, жиналып қалған жұмыстар атқарылды. 30 жылдыққа 30 жоба аясында «Мағжан», «Самал», «Тұран» жанұялық жатақханаларынан және «Яссы» ғалымдар үйінен университетте жұмыс жасамайтын 24 отбасы шығарылып, орнына университет қызметкерлері орналастырылды. «Самал», «Тұран» жанұялық жатақханаларында ұзақ жылдар бойы тұрған, бұрын университет тарапынан жер учаскелері берілген 18 отбасы шығарылып, босаған 12 пәтеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. №6, №8 оқу ғимаратының кіре беріс қасбетіне және ішкі

GAZETİN TÜRK TİLİNDEĞİ QOSYIMŞASY



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ TÜRTEP 2022-2023 GÜZ DÖNEMİ ORYANTASYON TOPLANTISI YAPILDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkiye Türkçesi ile Eğitim Programları Araştırma ve Uygulama Merkezi (TÜRTEP) 2022-2023 Güz Dönemi Oryantasyon toplantısı 23 Eylül 2022 tarihinde online olarak gerçekleştirildi.

Toplantıya Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK başta olmak üzere TÜRTEP Başkanı Prof. Dr. Halil İbrahim BÜLBÜL, TÜRTEP İdari Birim Çalışanları ve TÜRTEP Danışman Öğretim Üyeleri katıldı.

Açılış konuşmasında Türkiye'de uzaktan eğitim konusunda öncü bir kurum olduklarını söyleyen Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ahmet Yesevi Üniversitesinin uzaktan eğitim uygulamasıyla öğrenci ve öğretim elemanlarının mekân engelini kaldırdığını ve bu uygulamaları ile uzaktan eğitim alanında Türkiye'de âdeta bir marka haline geldiklerini belirtti.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK TÜRTEP'e katılan yeni danışman öğretim üyelerinin bilgi ve deneyimlerinden azami derecede yararlanmanın öncelikli hedef olarak belirlendiğini söyleyerek, danışman öğretim üyelerinin TÜRTEP'i daha ileriye götürme noktasında yapılacak çalışmalarda üniversitemizin yoluna ışık tutacağına inandığını belirterek yeni eğitim-öğretim yılının hayırlı olmasını diledi.


2022-2023 öğretim yılında TÜRTEP'e katılan Danışman Öğretim Üyelerine, TÜRTEP Uzaktan Eğitim Bilgi Sistemiyle ilgili bilgiler, Prof. Dr. Halil İbrahim BÜLBÜL tarafından verildi.

Oryantasyon toplantısında, Danışman Öğretim Üyelerine İnternet Tabanlı verilecek olan eğitimde yapılması gereken işlemler hakkında bilgi paylaşımı yapıldı ve danışman öğretim elemanlarının soruları yanıtladı.



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE "V.V. VEREŞÇAGIN VE N.N. KARAZIN'IN RESİMLERİNDE TÜRKİSTAN" KONULU KONFERANS DÜZENLENDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsünün düzenlediği "Perşembe Konuşmaları" seminer dizisinin 29 Eylül 2022 Perşembe günü saat 17.00'de çevrim içi olarak gerçekleştirilen programının konusu "V.V. Vereşçagin ve N.N. Karazin'in Resimlerinde Türkistan" başlıklı sunumuyla İstanbul



Topkapı Üniversitesi Öğretim Üyesi Dr. Hatice KERİMOĞLU oldu. Dr. KERİMOĞLU, sunumunda; çağdaş Rus asker ve ressam olan Vereşçagin ve Karazin'in oryantalizm klişelerinin etkisinde ortaya koydukları Türkistan konulu resimleri üzerinde yorumlar yaptı. Her iki ressamın da tüm tablolarında bir olay örgüsü yaratmaya çalıştıklarına dikkat çeken KERİMOĞLU, 19. yüzyılın ikinci yarısında bu iki ressamın Rusların "medeniyet" misyonunun iki temsilcisi olduğunu belirtti. Konuşmacı sunumunda ayrıca Türkistan manzarası yansıtan resimler çizen Vereşçagin ve Karazin'in resimlerinin fotoğraf stüdyolarında çoğaltıldığını, zengin bir görsel bilgi kaynağı olduklarını altını çizdi. Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent BAYRAM'ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen, T.C. Almatı Başkonsolosu Sayın Ali Rıza AKINCI, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Sayın Prof. Dr. Cengiz TOMAR ve çeşitli üniversitelerden akademisyenlerin ve öğrencilerin katıldığı konferans; soru-cevap bölümünün ardından konuşmacıya teşekkür belgesinin takdimiyle sona erdi.

AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, AZERBAIJAN CUMHURİYETİ BİLİM VE EĞİTİM BAKANI EMİN AMRULLAYEV'İ ZİYARET ETTİ



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Azerbaycan Cumhuriyeti Bilim ve Eğitim Bakanı Emin Amrullayev'i ziyaret ederek Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk Dünyası için önemi ve misyonu hakkında verimli bir görüşme gerçekleştirdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ TÜRTEP EĞİTİM VE KOORDİNASYON TOPLANTISI GERÇEKLEŞTİRİLDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkiye Türkçesi ile Eğitim Programları Araştırma ve Uygulama Merkezi (TÜRTEP) Eğitim ve Koordinasyon Toplantısı 24-25 Eylül 2022 tarihlerinde gerçekleştirildi. Toplantıya TÜRTEP Başkanı Prof. Dr. Halil İbrahim BÜLBÜL, Prof. Dr. Fırat PURTAŞ ve TÜRTEP İdari Birim Çalışanları katıldı.



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK toplantıya telekonferans yoluyla katılarak açılış konuşmasını gerçekleştirdi. Konuşmasında Türkiye'de uzaktan eğitim konusunda öncü bir kurum olduklarını söyleyen Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ahmet Yesevi Üniversitesinin uzaktan eğitim uygulamasıyla öğrenci ve öğretim elemanlarının mekân engelini kaldırdığını ve bu uygulamaları ile uzaktan eğitim alanında Türkiye'de âdeta bir marka haline geldiklerini belirtti. 2 gün boyunca devam eden toplantıda TÜRTEP personeli, Tuğba DALKILIÇ'tan «Etkili İletişim Yöntemleri, Motivasyon, Protokol ve Nezaket Kuralları, Stres Yönetimi» eğitimlerini tamamladılar.

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, TÜRK DÜNYASI 2040 VİZYONU'NU DEĞERLENDİRDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanı ve Türk Üniversiteler Birliği Dönem Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Türk Dünyası 2040 Vizyonu'nun uygulanması için bilim insanlarına da görev düştüğünü belirterek, «Elimizi taşın altına koyarak gerekeni yapmak durumundayız.» dedi.

Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, bir dizi görüşmeler yapmak üzere ziyaret ettiği Azerbaycan'da AA muhabirine açıklamalarda bulundu.

İstanbul'da 12 Kasım 2021'de yapılan Türk Devletler Teşkilatı (TDT) Liderler Zirvesi'nde Türk Dünyası 2040 Vizyonu'nun belirlendiğini hatırlatan Şimşek, bu belgenin tatbik edilmesinin ve sahada çalışılmasının diplomatların, bürokratların ve bilim insanlarının görevi olduğunu kaydetti.

Prof. Dr. ŞİMŞEK, «Türk Dünyası 2040 Vizyonu'nun hayata geçmesi için bilim insanları olarak elimizi taşın altına koyarak gerekeni yapmak durumundayız.» diyerek, gelecek ay TDT Aksakallar Konseyi Başkanı Binali Yıldırım'ın da katılımıyla vizyon belgesinin bilim insanlarınca tartışılacağı bir toplantı yapacaklarını bildirdi.

TDT'nin de Bologna kriterleri gibi kendi yükseköğretim alanını oluşturabileceğini belirten Prof. Dr. ŞİMŞEK, TDT üyesi ülkelerin yükseköğretim

kurumları arasında öğrenci ve öğretim üyesi değişimini öngören Orhun Programı'nı başlattıklarını anlattı.

Prof. Dr. ŞİMŞEK, Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak 3 yıldır sürdürdükleri Türk Üniversiteler Birliği Dönem Başkanlığını Azerbaycan İktisat Üniversitesine devredeceklerini kaydederek, «Fakat devretmek demek sorumluluğu bırakacağız anlamına gelmez. Tabii ki onlarla sürekli birlikte olup Türk dünyasındaki üniversitelerin hepsini dinamik bir şekilde sürece katmamız gerekiyor.» diye konuştu.



СОҢҒЫ БЕТ

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТА «СӨЙЛЕУ КЛУБЫ» АШЫЛДЫ

Тіл білу – бүгінгі жаһандану заманының басты талаптарының бірі. Бір тіл білсең, бір адамсың. Тіл білудің артықшылықтары басым. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деген мақалды білмейтін жан жоқ шығар сірә!

Полиглот бірнеше тіл білетін адам. Полиглот атану үшін бундеркинд болып туылудың қажеті жоқ. Бүгінде кемі 7-8 тіл білетін жастар өзгелерге үлгі. Еліміздің білім беру саласының ажырамас бір бөлігіне айналған ағылшын тілі мектептерде оқытылады. Тілді еркін меңгергендер жұмыссыз қалмайды. Себебі, бізде 4 мыңға жуық кәсіпорын ағылшын тілді мамандарды қажет етеді. Айлықтары да өте жоғары. Тіл үйрету орталықтарының саны күн сайын артып келеді. Біздің халықаралық қазақ-түрік университетінде де лингвистикалық орталық бар. Орталық ашылған алғашқы жылдары тілдерді үйрету университет қызметкерлері мен студенттеріне тегін болатын. 2021 жылдан бастап лингвистикалық орталық қанатын кеңге жайып, оқу курсы төлемақы төлеу режиміне ауысты. Осы сәттен бері қарай орталықтың директоры Толға Байындыр. Тілді үйренуге талпыныс білдірушілер де жетерлік. Курстың бағасы аса қымбат емес. Жеңілдіктер қарастырылған. Сапасы да жоғары. Бағдарлама 72 сағаттық теориялық және практикалық сабақтар негізінде жасалған. Кейіннен деңгейлік курстар үшін күніне 2 сағат, аптасына 10 сағатқа бөлініп, жалпы 80 сағаттық курс бағдарламасы ұйымдастырылды.

Юнус Эмре институтының басшылығы мен Ахмет Ясауи университеті ректорының қолы қойылған сертификат берілді. Өуежайдың 80 қызметкері, зират банкінің 4 қызметкері түрік тілін үйренді. 2021-2022 оқу жылының күзгі және көктемгі семестрі, төрт тіл бойынша 305 тіл үйренуші сертификат иеленді.

2022-2023 жаңа оқу жылында жаңа өзгерістер де жоқ емес. Лингвистикалық орталықта қазақ және түрік тілінде сөйлеу клубы жұмысын бастады. Орталық сағат 11.00 мен 13.00 және 15.00 мен 17.00 аралығы жұмыс күндері қатысушыларды түрік тілі сөйлеу клубына шақырады. Қазақ тілі сөйлеу клубының қатысушылары үшін дүйсенбі күні сағат 15.00 мен 17.00 аралығы клубтың есігі айқара ашық. Ағылшын және араб, орыс тілінде де сөйлеу клубтары ашылуы мүмкін. Лингвистикалық орталық жөнінде соңғы жаңалықтарды **ayudilmer** инстаграм парақшасынан біле аласыздар. Клуб тегін жұмыс жасайды. Естеріңізге салайық, лингвистикалық орталықтың мекен-жайы университет кітапханасының екінші қабатында орналасқан. Бұрын орталық қазақ, орыс, түрік тілдерін оқытса, биыл, араб және ағылшын тілі курстары ашылды. Бес тілде білім беретін орталықтың ауқымы кеңейді. Орталықта білікті оқытушылар қызмет атқарады. Түрік тілін үйренуге қызығушылық білдіргендердің саны көш бастап тұр. 240 тіл үйренуші түрік тіліндегі курсқа алдын-ала тіркелуге ықылас білдіріп, 166-сы оқу төлемақысын төлеп қойған. 98 ізденуші

орталыққа ағылшын тілінен дәріс алсам деп тіркеліп, оның 51-і төлем жасап қойған. Орыс тіліне қызығушылық танытқандардың саны 45. Ал қазақ тілі курсына 11 өзге ұлт өкілі қатысуға ниет білдірген. Жаңадан ашылған араб тілін үйренуге талпынғаны 15 білімгер. Бұл көрсеткіш әлі де өзгеруі мүмкін. Себебі сағат 10.00 мен 12.00-дің аралығында араб тілінен жаңа топқа сабақ жүргізіледі. Басқа тілдер бойынша тіркелу тоқтатылып, сабақтар басталып кетті. Тамыздың 29-нан басталған тіркелу қыркүйек айының орта шеніне дейін жалғасты. Небәрі екі жылға аяқ басқан орталықта түрік тілі мамандарының саны 9. Ағылшын тілі бойынша 2 оқытушы, орыс тілінен 2 оқытушы дәріс береді. Қазақ тілінде 1 оқытушы сабақ берсе, араб тілінен де 1 ғана оқытушы білім нәрімен сусындатады. Біліктілігі жоғары оқытушылар бірнеше тіл біледі. Негізінде араб тілі әлемдегі қиын 20 тілдің қатарында. Әрі кең таралған тіл. Тіл үйрету де, үйрену де үлкен күш. Мұнда ұстаз біліктілігі, тиянақтылық пен тиімді әдістерді қолдану, студентке үнемі мотивация беріп отыру өте маңызды. Мен осы орталықтың курсына қатысып, Барат ұстаздың білім беру жүйесімен таныстым. Сабақты ынты-шынтысымен түсіндіретін түрік ұстаз студенттерді әсте-әсте үйреніп кететініне сендірді. Сіздерге де тіл үйрену орталығына тіркелуге, өзіңізді көп тіл білу арқылы дамытуға кеңес беремін. Бір емес бірнеше тіл үйренуге ниет білдіргендерде табылады мұнда. Полиглот мамандар сабақ берме деген сұрақ туындаса сізге мына ақпаратты айта кетейін. Университет ректоры Жанар Темірбекова – полиглот. Орталықтың тіл үйренушілеріне осының өзі мотивация деп ойлаймын.

Гүлдана ҚАРАБЕКОВА



ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ
DİL ÖĞRETİM MERKEZİ

Лингвистикалық орталықта қазақ және түрік «Сөйлеу клубы» ашылды.
(Қатысу тегін, есігіміз барлығына ашық.)

Dil Öğretim Merkezinde Kazakça ve Türkçe "Konuşma Kulübü" Açıldı.
(Katılım ücretsiz olup dersler herkese açıktır.)

Сөйлеу сабағы бағдарламасын сайтымыздан (dilmer.ayu.edu.kz) және Instagram парақшамыздан ([ayudilmer](https://www.instagram.com/ayudilmer)) көре аласыз.

Konuşma dersi programına internet sayfamızdan (dilmer.ayu.edu.kz) ve instagram sayfamızdan ([ayudilmer](https://www.instagram.com/ayudilmer)) ulaşabilirsiniz

Лингвистикалық орталығы
Кітапхана 2-қабат

Dil Öğretim Merkezi
Kütüphane 2. Kat

Емтихан сұрақтары «оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым» бөлімдерінен құралған. Әр бөлімде 25 сұрақ қойылып, қатысушы толық 25 балдың 17-сінен жоғары жинаған жағдайда сәтті өткен болып саналады.

Лингвистикалық орталықтың жұмысына аз кем шолу жасасақ. 80 сағаттық онлайн режиміндегі Шымкент Педагогикалық университеті түрік тілі курсы қатысушыларының А1 деңгейлік сертификаттау емтиханы Шымкент қаласында өткізіліп, сәтті тапсырған барлық 47 қатысушының 17-сіне

<p>Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p> <hr/> <p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <hr/> <p>Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <hr/> <p>Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА</p>	<p>Медиа және PR орталығы:</p> <p>журналистер:</p> <p>Эльмира АРТЫҚБАЕВА</p> <p>Гүлдана ҚАРАБЕКОВА</p> <p>Фото маманы: Нахып ШЫНТЕМІРОВ</p>	<p>Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p>
<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>		
<p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru</p>		